

## Ертіс ауданы Ағашорын ауылдық округі Ағашорын ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Ертіс ауданы Ағашорын ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 қазандағы № 1-03-09 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 22 қазанда № 6988 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Ағашорын ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 3 ақпандағы № 1-03-02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Ертіс ауданы Ағашорын ауылдық округі әкімінің 03.02.2021 № 1-03-02 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңы 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңы 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Ертіс аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 24 қыркүйектегі № 2-19/459 ұсынысы негізінде, Ағашорын ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Ағашорын ауылдық округі Ағашорын ауылының аумағында ірі қара мал арасында құтыру ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ағашорын ауылдық округінің әкімі*

*Н. Калиев*